

А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі

«ASAR» еріктілер тобының жұмысы туралы ереже

«Ең керемет күн – біреуге жақсылық жасаған күн!»

Клуб туралы. «ASAR» еріктілер клубы – ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жарлығымен 2020 жыл – «Еріктілер» жылы деп жариялануына орай, 21.02.2020ж. А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің білім алушыларының ерікті бастамасымен құрылды.

Клубтың мақсаты: халықтың әлеуметтік осал топтарына гуманитарлық қолдау көрсету және экологиялық бағытта қоршаған ортаға қамқорлық жасау барысында студенттердің саяси-әлеуметтік мәдениетін және ерікті азаматтық белсенді ұстанымын қалыптастыру.

Клуб міндеттері:

- «**Бақытты бала - бақытты отбасы**» қайырымдылық акциясы бойынша: әлеуметтік тұрмысы төмен жайсыз отбасыларға гуманитарлық қолдау көрсету;
- «**Біздің балалар**» қайырымдылық акциясы бойынша: жетім балаларға, ата-ана қарауынсыз қалған балаларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;
- «**Қарттарға құрмет**» қайырымдылық акциясы бойынша: ардагер қарт адамдарға және жалғыз басты қарттарға гуманитарлық-әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Халықаралық «**Балаларды қорғау күні**» мерекесіне орай балалар үйінде, мүмкіндігі шектеулі балаларды сауықтыру орталығында қайырымдылық акциялар ұйымдастыру;

Еріктілер тобы мүшелерінің қызметі:

- **рухани-адамгершілік** (жеке адам ретінде физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық тұрғыда үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін, жетім балалардың өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу және әлеуметтену азаматтық ұстанымын қалыптастыруға жағдайлар жасау);
- **идеологиялық-тәрбиелік** (қоғамдық ортада балаларды әлеуметтендіру және азаматтық-құқықтық сауаттылығын бекіту, түрлі патриоттық-азаматтық бағыттағы акцияларға және шараларға қатысу);
- **мәдени-ағартушылық**(қоғамдық тәжірибеде қалыптасқан әлеуметтік нормаларын, саяси-мәдени дәстүр құндылықтарын реттейтін еріктілердің әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерін ұйымдастыру);
- **жарнамалық-насихаттаушылық** (еріктілер қозғалысының әлеуметтік маңызды идеяларын қолдау, дамыту әлеуметтік жарнамаларын ұйымдастыру, қоғамға қызмет ету әлеуметтік жауапкершілігін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау);
- **аниматорлық**(балалар үйі, сауықтыру-бейімдеу орталықтары мен демалыс лагерлерінде балалардың мәдени-бос уақытын ұйымдастыру және шығармашылық әлеуетін қолдау).

Клуб қызметінің принциптері:

- Еріктілік;
- Жариялылық және шындық;
- Клуб мүшелерінің құқықтық мәдениеті;
- Клуб қызметін ұжымдық ұйымдастыру;
- Клуб мүшелерінің мүдделерін, абыройы мен пікірлерін құрметтеу;
- Әлеуметтік- пайдалы құндылық;

Клуб құрылымы және оның жұмысын ұйымдастыру

- ✓ Клуб жұмысына қатысуға ынта білдірген студенттер клуб мүшелігіне қабылданады
- ✓ Клуб жиналысында ауызша өтініш білдіру арқылы клуб мүшелеріне қабылдануға болады.
- ✓ Клуб отырыстары келісім бойынша өткізіледі.

Клуб жетекшілері:

- ❖ Клуб қызметін ұйымдастырады;
- ❖ Кезектен тыс отырыс өткізу туралы шешім қабылдайды;
- ❖ Әкімшілік жиналыстарда, студенттердің жалпы жиналысында клуб жұмысының барысымен таныстырады.

Клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттері:

Клуб мүшелері тең құқыққа ие;

1. Өз еркімен клубқа кіру және клубтан шығу;
2. Клуб қызметінің сұрақтары бойынша өз пікірін білдіріп, ұсыныс жасауға;
3. Әлеуметтік маңызды шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар жасау;
4. Клуб штабындағы бар ақпаратты алуға;

Клуб мүшелері төмендегідей міндеттемелерді өз еркімен қабылдайды:

1. ҚР заңнамасын, өз қызметіне қатысты Халықаралық құқықтық жалпыға міндетті принциптері мен нормаларын, сонымен қатар «А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі» МКҚК жарғысымен белгіленген нормаларды сақтау;
2. Осы ереженің талаптарын орындау;
3. Клуб беделін қорғау, оның жұмысын насихаттау.

Қорытынды ережелер

- ✓ Клуб заңды тұлға болып саналмайды, коммерциялық емес бірлестік болып табылады.
- ✓ Өз қызметін қоғамдық бастама негізінде атқарады.
- ✓ А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің аумағында ғана қызмет етеді.